



**ШЕШІМ**

20.04.2022

Нұр-Сұлтан қаласы

**РЕШЕНИЕ**

170/24-VII

№

город Нур-Султан

**«Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жетінші сайланымның тұрақты комиссияларының құрамын сайлау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 қаңтардағы №4/1-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жетінші сайланымның тұрақты комиссияларының құрамын сайлау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 қаңтардағы №4/1-VII шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының Заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының құрамынан Талғат Мақсұтұлы Нәрікбаев шығарылсын;

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының құрамына Кушер Баширович Солсанов енгізілсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы**

**Е. Каналимов**